

Вагон депосын жаңарту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 3 шілде N 315

Республикада жолаушылар вагондарын зауыттық жөндеуді ұйымдастыру, Халықаралық экономикалық жәрдемдесу қорының (Жапония) жеңілдетілген кредит желісін дер кезінде ашу мақсатында:

1. Жаңа өндірістік алаңдарды жасай отырып, Алматы-І стансасының вагон депосын қайта жаңарту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Алматы темір жолының басқармасы өндіріске экологиялық зияндылықты барынша келтірмейтін жөндеудің озық технологиясын қолдана отырып, вагон депосының қайтадан жаңартылуын жүзеге асырсын.

Премьер-Министрдің
орынбасары